

Аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 31 наурыздағы № 182 "Мұғалжар ауданында аз қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау Қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 130 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 13 қаңтарда № 3733 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 133 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 12.12.2017 № 133 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 16 қазандағы № 1316 "Тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" қаулысына сәйкес, Мұғалжар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мұғалжар аудандық мәслихатының 2010 жылғы 31 наурыздағы № 182 "Мұғалжар ауданында аз қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау Қағидасын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-9-119 санымен тіркелген, 2010 жылы 21 сәуірде аудандық "Мұғалжар" газетінің № 17 санында жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген шешіммен бекітілген, Мұғалжар ауданында аз қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау Қағидасында:

1 тармақтың 1) тармақшасының бесінші азат жолы;

2 тармақтың екінші және үшінші азат жолдарындағы ", тәулік уақыты бойынша электр қуатының шығынын саралап есептейтін және бақылайтын, дәлдік класы 1-ден төмен емес электр қуатын бір фазалық есептегіштің құнына" сөздері;

3 тармақта "тәулік уақыты бойынша электр қуатының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік класы 1-ден төмен емес электр қуатын бір фазалық есептеуіштің құнына шығындарының орнын толтыру үшін," сөздері;

10 тармағындағы ", тәулік уақыты бойынша электр қуатының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік класы 1-ден төмен емес электр қуатын бір фазалық есептеуіштің құнына шығындарына" сөздері 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап алынып тасталсын.

2. Осы шешім оны алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың

сессия төрағасы

Г.Жұмабаева

Аудандық мәслихаттың

хатшысы

С.Салықбаев